

«АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ»
МЕМЛЕКЕТТІК КОРПОРАЦИЯСЫ»
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ
АСТАНАҚАЛАСЫ БОЙЫНША
ФИЛИАЛЫ



ФИЛИАЛ НЕКОММЕРЧЕСКОГО
АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА
«ГОСУДАРСТВЕННАЯ КОРПОРАЦИЯ
«ПРАВИТЕЛЬСТВО ДЛЯ ГРАЖДАН»
ПО ГОРОДУ АСТАНА

010000, Астанақаласы, Сарыарқауданы
Желтоқсанкөшесі, 25
тел.: 8(7172) 324-370

010000, город Астана, район Сарыарка
улица Желтоқсан, 25
тел.: 8(7172) 324-370

21. 12. 2023

№

03-01-23-05/8021

АО "Qazcontent"
БИН: 131040013872

Филиал некоммерческого акционерного общества «Государственная корпорация «Правительство для граждан» по городу Астана, сообщает, что на основании Вашего уведомления, внесены сведения в Государственную базу данных «Юридические лица».

«В случае несогласия с настоящим ответом, Вы вправе обжаловать его в соответствии со статьей 91 Административного процедурно-процессуального кодекса Республики Казахстан».

Заместитель директора



Е.Дауылбаев

Исп. Д. Саликова
тел. 8 775 774 15 39

Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат министрінің
2023 жылғы «28» жылдаған № 499-III
бұйрығымен бекітілді

**«Qazcontent» акционерлік қоғамының
жарғысына енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар**

«Qazcontent» акционерлік қоғамының жарғысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

Жарғының 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Қоғамның атқарушы органының орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Нұра ауданы, Қабанбай Батыр даңғылы, 17-ғимарат, №17 тұрғын емес үй-жайы.»;

Жарғының 10-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«10.Қоғамның құрылтайшысы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті тұлғасында Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылады. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 4 қазандағы №866 «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің кейбір мәселелері туралы» қаулысына сәйкес Қоғамның республика меншігіндегі акцияларының мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқықтарын Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі жүзеге асырады, ол Қоғамның Жалғыз акционері болады және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша мемлекет мүддесін қорғайды.»;

Жарғының 8-бөлімі мынадай мазмұндағы 32-1-тармағымен толықтырылсын:

«32-1. Директорлар Кеңесі төрағасының негізгі функциялары мыналарды қамтиды:

1) Директорлар кеңесінің отырыстарын жоспарлау және күн тәртібін қалыптастыру;

2) Директорлар кеңесі мүшелерінің шешімдер қабылдау үшін толық және өзекті ақпаратты уақтылы алуын қамтамасыз ету;

3) Директорлар кеңесінің назарын стратегиялық мәселелерді қарауға және директорлар кеңесінің қарауына жататын ағымдағы (операциялық) сипаттағы мәселелерді барынша азайтуға шоғырландыруды қамтамасыз ету;

4) күн тәртібіндегі мәселелерді талқылау, жан-жақты және терең қарау, ашық талқылауларды ынталандыру, келісілген шешімдерге қол жеткізу үшін жеткілікті уақыт бөлу арқылы Директорлар кеңесінің отырыстарын өткізудің нәтижелілігін қамтамасыз ету;

5) негізгі стратегиялық шешімдерді қабылдау кезінде ірі акционерлермен (болған кезде) консультациялар ұйымдастыруды қамтитын акционерлермен тиісті коммуникацияны және өзара іс-қимылды құру;

6) Директорлар кеңесі мен жалғыз акционер қабылдаған шешімдердің тиісінше орындалуына мониторинг пен қадағалауды қамтамасыз ету;

7) корпоративтік жанжалдар туындаған жағдайда оларды шешу және қоғам қызметіне теріс әсерді барынша азайту жөнінде шаралар қабылдау және мұндай жағдайларды өз күшімен шешу мүмкін болмаған жағдайда, жалғыз акционерді уақтылы хабардар ету.»;

Жарғының 33-тармағы мынадай мазмұндағы 20-1) тармақшасымен толықтырылсын:

«20-1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс жөніндегі қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, жұмыс тәртібін, сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс жөніндегі қызмет қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу мен сыйлықақы берудің мөлшері мен шарттарын айқындау, сонымен қатар сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс жөніндегі қызмет туралы ережені бекіту;»;

Жарғының 8-бөлімі мынадай мазмұндағы 36-1-тармағымен толықтырылсын:

«36-1. Директорлар кеңесі төрағасының қалауы бойынша Директорлар кеңесінің қарауына шығарылған мәселелер бойынша Директорлар кеңесінің шешімін Директорлар кеңесінің отырысын өткізбей сырттай дауыс беру арқылы қабылдауға болады.

Келесідей мәселелер бойынша сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылдауға жол берілмейді:

1) Қоғам Басқармасының төрағасы мен өзге де мүшелеріне сыйлықақы беру мөлшерін айқындау;

2) ішкі аудит қызметінің және сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс және тәуекелдер жөніндегі қызметтің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, мүшелердің өкілеттіктерін тағайындау және мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ жұмыс тәртібін және ақы төлеу шарттарын көздейтін қағидаларды бекіту;

3) корпоративтік хатшыны тағайындау және оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, оның өкілеттік мерзімін айқындау, сондай-ақ корпоративтік хатшының жұмыс тәртібі мен оған ақы төлеу шарттарын көздейтін қағидаларды бекіту;

4) ішкі аудит қызметінің жұмыс жоспарын бекіту;

5) Қоғамның ұйымдық құрылымын және штат санын бекіту;

6) Қоғамның даму жоспарын бекіту және оны түзету, сондай-ақ оның орындалуы туралы есепті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте және мерзімдерде бекіту;

7) Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметі жоспарының көрсеткіштерін және тиімділіктің негізгі көрсеткіштерін орындау, оның ішінде Басқарманың Қоғам қызметі туралы есептерін тыңдау жолымен, сондай-ақ жоғарыда көрсетілген көрсеткіштерді атқару;

8) Қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпарат тізбесін, сондай-ақ оны жария ету тәртібін айқындайтын нұсқаулықтарды (қағидаларды) бекіту;

9) Қоғамның басқа заңды тұлғалар акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он және одан да көп пайызын сатып алуы туралы шешім қабылдау;

10) акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он және одан да көп пайызы Қоғамға тиесілі заңды тұлғаның Жалғыз акционері (қатысушысы) құзыретіне жататын қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;

11) Қоғамның міндеттемелерін оның меншікті капиталы мөлшерінің он және одан да көп пайызын құрайтын шамаға ұлғайту;

12) Жалғыз акционерге Қоғамның өткен қаржы жылындағы таза табысын бөлу тәртібі және Қоғамның бір жай акциясына шаққандағы жыл ішіндегі дивидендтің мөлшері туралы ұсыныстар беру;

13) жылдық қаржылық есептілікті алдын ала бекіту;

14) Қоғамның тәуекелдерін басқару жөніндегі құжаттарын бекіту, тәуекелдерді басқару процесінің және ішкі бақылаудың басқа да элементтерінің мониторингі;

15) Қоғамның инвестициялық қызметін жүзеге асыру тәртібі мен шарттарын көздейтін Қоғам құжатын бекіту.»;

Жарғының 10-бөлімі мынадай мазмұндағы 47-1-тармағымен толықтырылсын:

«47-1. Сырттай отырыс өткізу туралы шешімді Басқарма төрағасы қабылдайды. Кейіннен Директорлар кеңесінің және (немесе) жалғыз акционердің қарауына шығарылатын және стратегиялық сипаттағы не қоғамның дамуы үшін маңызды мәні бар мәселелер бойынша отырыстарды сырттай нысанда өткізуге жол берілмейді.».

**«Qazcontent» АҚ-ның
Басқарма Төрағасы**



Б. Жүсіпов

Утвержден приказом министра
культуры и информации
Республики Казахстан
от «28» декабря 2023 года № 429-НБ

Изменения и дополнения в устав акционерного общества «Qazcontent»

Внести в устав акционерного общества «Qazcontent» следующие изменения и дополнения:

Пункт 4 устава изложить в следующей редакции:

«4. Местонахождение исполнительного органа Общества: Республика Казахстан, город Астана, район Нура, проспект Кабанбай Батыр, здание 17, нежилое помещение №17.»;

Пункт 10 устава изложить в следующей редакции:

«10. Учредителем Общества является Правительство Республики Казахстан в лице Комитета государственного имущества и приватизации Министерства финансов Республики Казахстан. Права владения и пользования государственным пакетом акций Общества, находящимся в республиканской собственности, на основании постановления Правительства Республики Казахстан от 4 октября 2023 года № 866 «О некоторых вопросах Министерства культуры и информации Республики Казахстан» осуществляются Министерством культуры и информации Республики Казахстан, который является Единственным акционером Общества, представляет интересы государства как акционера по вопросам, отнесенным к компетенции общего собрания акционеров, в соответствии с законодательством Республики Казахстан.».

Дополнить раздел 8 устава пунктом 32-1 следующего содержания:

«32-1. Ключевые функции председателя Совета директоров включают:

- 1) планирование заседаний Совета директоров и формирование повестки;
- 2) обеспечение своевременного получения членами Совета директоров полной и актуальной информации для принятия решений;
- 3) обеспечение сосредоточения внимания Совета директоров на рассмотрении стратегических вопросов и минимизации вопросов текущего (операционного) характера, подлежащих рассмотрению Советом директоров;
- 4) обеспечение результативности проведения заседаний Совета директоров посредством выделения достаточного времени для обсуждений, всестороннего и глубокого рассмотрения вопросов повестки дня, стимулирования открытых обсуждений, достижения согласованных решений;
- 5) построение надлежащей коммуникации и взаимодействия с акционерами, включающее организацию консультаций с крупными акционерами (при наличии) при принятии ключевых стратегических решений;
- 6) обеспечение мониторинга и надзора надлежащего исполнения принятых решений Совета директоров и единственного акционера;

7) в случае возникновения корпоративных конфликтов принятие мер по их разрешению и минимизации негативного влияния на деятельность Общества, и своевременное информирование единственного акционера, в случае невозможности решения таких ситуаций собственными силами.»;

Дополнить пункт 33 устава подпунктом 20-1) следующего содержания:

«20-1) определение количественного состава, срока полномочий службы по антикоррупционному комплаенс, назначение его членов, а также досрочное прекращение их полномочий, определение порядка работы, размера и условий оплаты труда и премирования работников службы по антикоррупционному комплаенс, а также утверждение положения о службе по антикоррупционному комплаенс;»;

Дополнить раздел 8 устава пунктом 36-1 следующего содержания:

«36-1. По усмотрению председателя совета директоров принятие решения советом директоров по вопросам, вынесенным на его рассмотрение, возможно посредством заочного голосования без проведения заседания совета директоров.

Принятие решения посредством заочного голосования недопустимо по следующим вопросам:

1) определение размеров премирования председателя и иных членов Правления Общества;

2) определение количественного состава, срока полномочий службы внутреннего аудита и службы по антикоррупционному комплаенс и рискам, назначение и досрочное прекращение их полномочий, а также утверждение правил, предусматривающих порядок работы и условия оплаты службы внутреннего аудита и комплаенс-службы;

3) назначение и досрочное прекращение полномочий корпоративного секретаря, определение срока его полномочий, а также утверждение правил, предусматривающих порядок работы и условия оплаты корпоративного секретаря;

4) утверждение годового аудиторского плана службы внутреннего аудита;

5) утверждение организационной структуры Общества и штатной численности;

6) утверждение плана развития Общества и его корректировка, а также отчета об его исполнении в порядке и сроки, установленные законодательством РК;

7) выполнения Обществом показателей плана финансово-хозяйственной деятельности Общества и ключевых показателей эффективности, в том числе путем заслушивания отчетов правления о деятельности Общества и исполнении вышеуказанных показателей;

8) утверждение инструкций (правил), определяющей перечень информации об Обществе или его деятельности, составляющей служебную, коммерческую или иную охраняемую законом тайну, а также порядок ее разглашения;

9) принятие решения о приобретении Обществом десяти и более процентов акций (долей участия в уставном капитале) других юридических лиц;

10) принятие решений по вопросам деятельности, относящимся к компетенции Единственного акционера (участника) юридического лица, десять и более процентов акций (долей участия в уставном капитале) которого принадлежит Обществу;

11) увеличение обязательств Общества на величину, составляющую десять и более процентов размера его собственного капитала;

12) представление Единственному акционеру предложений о порядке распределения чистого дохода Общества за истекший финансовый год и размере дивиденда за год в расчете на одну простую акцию Общества;

13) предварительное утверждение годовой финансовой отчетности;

14) утверждение документов по управлению рисками Общества, мониторинг процесса управления рисками и других элементов внутреннего контроля;

15) утверждение документа Общества, предусматривающего порядок и условия осуществления инвестиционной деятельности Общества.»;

Дополнить раздел 10 устава пунктом 47-1 следующего содержания:

«47-1. Решение о проведении заочного заседания принимается Председателем Правления. Не допускается проведение заседаний в заочной форме по вопросам, выносимым в последующем на рассмотрение Совета директоров и (или) Единственного акционера и носящим стратегический характер либо имеющим важное значение для развития Общества.».

**Председатель Правления
АО «Qazcontent»**



Б. Жусупов